



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 345

«29» тамыз 2024ж

Мектепте психологиялық қызметтің жүргізілуін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрілігінің 25.08.2022ж «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» №377 бұйрығына және Облыстық білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі» КММ-нің «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» 12.09.2022ж №104-нқ бұйрығына сәйкес
БҮЙЫРАМЫН:

1. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу іс-әрекетінің білім беру уәждемесін, үлгерімін, шығармашылық өзін-өзі іске асыруын қалыптастыру, психологиялық жай-күйін тұрақтандыру, бейінді өзін-өзі айқындау және басқа да қолайлы жағдайлар жасау мақсатында психологиялық қызмет тобы (алқалы орган) құрылсын.

2. Мектептегі психологиялық қызмет тобының құрамы төмендегіше бекітілсін:

Б.Тумурзаев- мектеп директоры, психологиялық қызмет алқа органы төрағасы;

Алқалы орган мүшелері:

С.Абдиганбаров - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Ғ. Қиымов – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Р.Абдукаримова – педагог-психолог

А. Жаксыбаева – педагог-психолог

М.Абдуллаева – әлеуметтік педагог

3. Психологиялық қызметтің жұмысы білім беру қызметіндегі қиындықтарды анықтауға және диагностикалауға, консультация беруге, білім беру ортасы жағдайында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мен қолдау көрсетуге, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің психологиялық салауатталығын сақтау және нығайтуға бағытталсын.

4. Психологиялық қызметтің жұмысын орта білім беру ұйымдарының басшысы қамтамасыз етсін;
5. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін педагогтер «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 10-тармақшасына сәйкес құқық қорғау органдарына және орта білім беру ұйымдарының басшылығына Қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар қылмыстық әрекеттерді кәмелетке толмағандардың жасауы немесе оларға қатысты жасалу фактілері, оның ішінде білім беру ұйымдарындағы немесе орта білім беру ұйымдарынан тыс кәсіптік қызметпен байланысты өздеріне белгілі болған әрекеттер туралы уақтылы жазбаша немесе ауызша хабарлауды;
6. Психологиялық қызмет көрсету жұмыстары қосымшаға сәйкес ұйымдастырылсын.
7. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



Б. Тумурзаев

Таныстым:

С. Абдигалбаров - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Ғ. Қиымов – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Р. Абдукаримова – педагог-психолог

А. Жақсыбаева – педагог-психолог

М. Абдуллаева – әлеуметтік педагог